

# PLITONIT

## КӘСІПҚОЙ БОЛУ ОҢАЙ



### PLITONIT РемСостав – тез қататын жөндеу құрамы

Өнім ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде бетоннан, темірбетоннан, кірпіштен жасалған вертикаль және көлденең беттерді жөндеуге және тегістеуге арналған. Тегістеу үшін ұсынылатын қабат қалыңдығы 5-тен 50 мм-ге дейін (80 мм-ге дейінгі ойықтарда). Пайдалану барысындағы жабын температурасы +70 °С дейін. Толтырғыштың максималды фракциясы - 2,5 мм.



Қаптама – 25 кг, 4 кг.

- Едендегі, қабырғалардағы, төбелердегі шұңқырларды жөндеуге арналған
- Баспалдақ сатыларын жөндеу
- Астыңғы қабаттарды жөндеу
- Құрамды қолданғаннан кейін 3 сағат ішінде бетті пайдалану мүмкіндігі;
- Тегістеу қабатының қалыңдығы 50 мм-ге дейін,

ойықтарда 80 мм-ге дейін - әртүрлі мәселелер үшін әмбебап шешім;

- ГОСТ 12730.5 бойынша W8 сүеткізбеушілігі – ылғалға әсеріне төзімділік;
- Арматуралық талшықтармен – жарықтарға жоғары төзімділік

### Материалды тұтыну шығысы

Қалыңдығы 10 мм қабатқа 19-20 кг/м<sup>2</sup>.

### Жұмысты жүргізу шарттары

Жұмыс кезінде және келесі 24 сағат ішінде температураның +5 °С-тан + 30 °С-қа дейінгі диапазонында сақталуын қамтамасыз ету қажет. Жұмыс барысында ерітінді қоспасы мен негіздің температурасы - +10 °С-тан + 30 °С-қа дейін.

### Негізді дайындау

Негіздің бетін шаңнан, кірден, майдан, битумнан, органикалық және минералды желімдер мен бояулардың қалдықтарынан мұқият тазалаңыз. Бетінде кертпелерді жасап, цемент үлдірін алып тастаңыз. Бетін сулаңыз.

### Ерітінді қоспасын дайындау

Құрғақ қоспаны араластыру үшін ауыз су құбырынан суды пайдаланыңыз. Араластырудағы ара қатынас: 1 кг құрғақ қоспаға 0,11-0,16 л су. Құрғақ қоспаны бөлме температурасындағы алдын ала өлшенген су мөлшеріне құйып, ерітінді араластырғышты, электр араластырғышты немесе қондырмасы бар электрлі бұрғыны (айналу жиілігі 600 айн / мин аспау керек) пайдаланып, біртекті, кесексіз консистенция алынғанша, 3 минут араластырыңыз. Ерітінді қоспасының температурасы 20±2°С болғандағы дайын ерітінді қоспасын қолдану уақыты 30 минут.

### Жұмыс тәртібі

Ылғалды бетке жөндеу құрамын жағу. Қоспаны қолмен жағыңыз. Тегіс бетті алу үшін ерітінді қоспасын қоюланғаннан кейін жазғышпен өңдеңіз. Өңделген бетті пайдалану жұмыс аяқталғаннан кейін 3 сағаттан кейін рұқсат етіледі.

## Назар аударыңыз

Төбенің беттерін жөндеу кезінде құрғақ қоспаны судың минималды мөлшерімен араластыру ұсынылады. Бұрыштарды қалпына келтіру кезінде қалыпты пайдалану ұсынылады. Көрсетілген сипаттамалар қоршаған ортаның температурасы  $20\pm 2^{\circ}\text{C}$ , ауаның салыстырмалы ылғалдылығы  $60\pm 10\%$  болғанда жарамды.

## Сақтық шаралары

Қоспа ГОСТ 12.1.007 бойынша 4 қауіптілік класына (қауіптілігі төмен заттар) жатады. Жұмысты орындау кезінде қолғапты, қорғаныс көзілдірігін және тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарын пайдаланыңыз. Қоспаны теріге және көзге тигізбеңіз. Көзге тиген жағдайда дереу көп мөлшерде сумен шайыңыз. **БАЛАЛАРДАН ҚОРҒАҢЫЗ!**

## Тасымалдау және сақтау шарттары

Қоспаны жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көліктерде тасымалдау керек. Құрғақ қоспасы бар қаптарды қаптаманың сақталуын және ылғалдан қорғауды қамтамасыз ететін жабық, құрғақ бөлмелерде сақтау керек. Өндірушінің ыдысында сақтау мерзімі – өндіру күнінен 12 ай.

## Құрамы

Құм, портландцемент, арматуралық талшықтар, түрлендіруші қосымшалар.

## Өндірушінің кепілдігі

Өндіруші тұтынушы тасымалдау, сақтау шарттарын және осы нұсқаулықтың нұсқауларын сақтаған жағдайда қоспаның ГОСТ 31357-2007 талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді. Өндіруші материалмен жұмыс технологиясын сақтамағаны үшін жауапты емес, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта көзделмеген мақсаттар мен шарттарда пайдалану үшін жауапты емес. ГОСТ 8.579-2001 сәйкес нетто массасынан ауытқу. Өнімді азаматтық құрылыстың барлық түрлерінде қолдануға рұқсат етіледі (Aeff<370 Бк/кг, SanPin 2.6.1.25.23–09 бойынша материалдардың I класы «Радиациялық қауіпсіздіктің нормалары» (NRB-99/2009)»).

## Техникалық сипаттамалар

Толтырғыш түйіршіктерінің ең үлкен өлшемі	2,5 мм
Ірілігі ең үлкен түйіршіктердің мөлшері	5 %-дан артық емес
1 кг қоспаға кететін су шығыны	0,11-0,16 л
Жылжымалылық: <ul style="list-style-type: none"><li>• Бірден дайындаудан кейін</li><li>• Дайындаудан 20 минут өткен соң</li></ul>	Пк2 120-150 мм 100 мм-ден кем емес
Ерітінді қоспасының кебу процесінің басталуының мерзімдері	30 мин-тан кейін
Қысудағы ерітіндінің беріктігі: <ul style="list-style-type: none"><li>• 3 сағаттан кейін</li><li>• 28 тәулікте кейін</li></ul>	10 МПа-дан кем емес 40 МПа-дан кем емес
28 тәулік жастағы ерітіндінің негізбен жабысу беріктігі	1,5 МПа-дан кем емес
28 тәулік жастағы шөгуде деформациясы	1 мм/м-ден аспау керек
Су өткізбеушілігі б ойынша дәреже	W8
Аязға төзімділігі бойынша маркасы	F150
Табиғи радионуклидтердің үлестік нәтижелі белсенділігі	370 Бк/кг-нан артық емес

## 25 кг қап үшін логистикалық ақпарат

Жеке штрих-код 4607013041486

Паллеттегі қап саны – 48 д.

## 4 кг пакет үшін логистикалық ақпарат

Жеке штрих-код 4607013045941

Паллеттегі пакет саны – 224 д.